



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ЖІБЕК ЖОЛЫНДА ТУРИСТІК БИЗНЕСТІ ДАМУ ТУРАДАҒЫ ЖАҒДАЙ**Тауба Рамазан Таубаұлы**taubaramazan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова

Жібек Жолының ауданы 5,9 квадрат шаршы км, мөлшері 145 млн. адам тұрады. Орталық Азия мен Батыс Қытай географиялық оқшаулануы жаңа нарықтарды меңгеру мен шет елдік инвестицияларды тартудың негізгі кедергісі болып отыр. Жібек Жолы Азияның динамикалық түрде дамушы бөлігі, оның бойында табиғи ресурстар, мысалы, мұнай, табиғи газ және т.б. бар. Төрт Орталық Азия Елдерінің ЖІӨ жылдық өсу қарқыны және төрт қытай провинциясының соңғы жылдары Қытайдың тез экономикалық өсуін қолдануынан өсе бастады.

Жібек Жолы өз дамуында адамзат тарихының ірі жолдар желісі болып табылады. Ол Қытайдан Орталық Азияның шегінен шығып кетеді, сол сияқты бизнестің дамуына, сауда, туризм, технология мен кәсіпкерліктің дамуына әкеліп соқты. Жібек Жолының қазіргі аудандары заманауи бизнесті дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Қытай әлемде көптеген минералдарды пайдаланатын ел және мұнайды пайдалану бойынша екінші орында, ол орталық Азиядан әлеуетті нарықтардың дамуына жағдай жасайды. Логистика бойынша Қытай мен Орталық Азияның арасында байланыс орнатылады, осы кезде Орталық Азия транзит жолы ретінде қалыптасады. Қытай және Орталық Азияның фирмалары үшін инфрақұрылымды дамытуға қатысатын кәсіпорындар деуге болады.

Табиғи ресурстар және түрлі кәсіпкерліктер Жібек Жолы бойының түрлі аудандарында біркелкі емес орналасқан, ол өндірістік бірнеше елдің дамуына мүмкіндік береді, ол өз кезегінде аудандық немесе жаһандық тасымалдау жүйесін құрады. Мысалы, мұнай, газ жеткізу үлкен қаржыны талап ететіндіктен оны салу үшін бір елдің ғана инвестициясы құйылмайды [1].

Нақты секторлар бойынша Жібек Жолы үлкен әлеуетке ие және туризм бағыты бойынша ерекше бағыт ретінде дамуына мүмкіндік береді, туристік ресурстардың бес ел арқылы шекаралық және аудандық инвестициялық мүмкіндік береді. Жібек Жолын ең үлкен туристік әлеуеті ретінде мәдени және тарихи көрікті жерлер мен экотуризмді дамыту болып табылады. Қазақстанның туристік әлеуеті барлық туризм түрлерін дамыту үшін: мәдени, шытырман, танымдық, спорттық, экологиялық, сол сияқты арнаулы турларға қызығушылық туғызу (ғылыми, діни, орнитологиялық және т.б.). мүмкіндігі бар. Қазақстан туристік бизнесті дамыту болашағы бар. Дамуды жоспарлау, реттеу, координациялау және бақылау сияқты нақты жобаланған жүйе арқылы дамытуға үлкен мән беріледі. Жібек Жолында туристік кәсіпкерлік қызметті дамытудың мемлекеттік реттеу жолдарын келесі 1 суретте көрсетуге болады.

Туризм инфрақұрылымын дамыту, соның ішінде көлік инфрақұрылымын дамыту. Жібек Жолының инфрақұрылымдық желісі үнемі өзгерісте болады. Орталық Азия елдерінде бұрынғы Совет үкіметінің саясаты негізінде өндірістік салалардың барлығы Мәскеудің қарамағына кететін, барлық инфрақұрылымсолай бағытталған. Тәуелсіздіктен кейін ол жүйе құлап, әлемдік нарыққа жарамсыз немесе бәсекелес бола алмады, сондықтан инфрақұрылымды дамыту арнаулы мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асуы керек болды, ол Туризм саласының 2020 жылға дейін туризм дамуының Тұжырымдамасы болып табылса, осы Жібек Жолы бөлігіндегі бар инфрақұрылымды реконструкциялау мен модернизациялауды кірістіреді [2].



Сурет 1. Жібек Жолында туристік бизнестің дамуын мемлекеттік қолдау бойынша іс-шаралар

Ескерту - [1] мәліметі негізінде автор құрастырды

Инфрақұрылым наша болғандығына байланысты неғұрлым мәнді құрылыс қонақ үй желілерін, кемпингтер, мотельдер, киіз үйлерді дамыту бойынша кәсіпорындар (ұлттық қолөнердің дамуына әкеліп соғады), халықтың еңбекпен қамтылуы, жұмыссыздықтың азаюы және т.б. Әсіресе, Қазақстанның тарихи-мәдени орталықтарындағы инфрақұрылымды дамыту керек.

Азиялық автомобиль жолдары ірі халықаралық аудандық желі болып табылады, олар 32 елдің жолдарын максималды түрде қолдану мен модернизациялауға бағытталған, оның ұзындығы келесі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Азиялық автомобиль жолдарының ұзындығы, км

Елдер	Қытай	Қазақстан	Қырғызстан	Тәжікстан	Өзбекстан
Ұзындығы	26,181	12,856	1,695	1,925	2,966

Ақпарат көзі: [3]мәліметінен алынған

Осы жол Қытай мен Еуропаны байланыстыратын транзитті жол және аудандағы инфрақұрылымның сапасы жердегі көліктердің жағдайының сапасына көп байланысты болып табылады. Темір жол тасымалы Орталық Азияға импорт 20%, ал экспорт 4%.

Курорттарда жағажайдың қанағаттанарлықсыз жағдайы жағажай бойынша іс-шараларды жүргізу, суға түсу аймақтарын кеңейту, жасанды құрылыстарды салу, қызмет көрсету сапасын арттыру және экологиялық қауіпсіздік.

2.Мәдени-тарихи ескерткіштерді рационалды қолдану. Бүгінгі күнге дейін діни ескерткіштерге наза көбірек аударылып келді, ерекше қорғалатын аумақтардағы тарихи-мәдени және табиғи объектілерді анықтау, құнды объектілерді анықтау, сақтандыру, кеткен шығындарды қалпына келтіру, объектілерді тек сақтап қана қоймай оларды мақсаты бойынша қолдану бойынша шарттар жасалмаған, ұлттық құндылықтарға тек жеке тұлғалар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдардың да жауапкершіліксіз қарауы.

Ерекше қорғалатын аймақтарды арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен қаржыландыру арқылы сақтауға болады (ұлттық парктер, ерекше тарихи территориялар, халықаралық мәндегі объектілер, саясат жүргізу арқылы қайырымдылық қоры немесе коммерциялық капитал сал арқылы шетелдік инвесторларды тарту. Осыларды ескере отырып, келесілерді ұсынуға болады:

- тарихи-мәдени және табиғи-рекреациялық ресурстарды сақтау және оларды рационалды қолдану;

- туристік бизнесті дамыту мәні және қоршаған ортаға ерекше қарау туралы халық арасына үгіт-насихат жүргізу;
- қоршаған ортаны қорғау және басқа да республиканың басқа да туристік әлеуетімен қамтамасыз ету.

3. Материалды-техникалық базаны дамыту. Жібек Жолында туристік кәсіпкерлік қызметті дамыту материалды-техникалық базаны дамыту керек етеді. Ол үшін:

- бар және жаңа туристік объектілердің құрылысы үшін инвестиция тарту;
 - көлік инфрақұрылымын дамыту;
 - туристік объектілерді орналастыру мен Жібек жолында туристік қызмет нарығының инфрақұрылымын қалыптатыстыру;
- қонақ үй сервистік кешендерінің, сол сияқты туристік кешендер желісінің, этнографиялық мұражайлар мен демалық орындарының халықаралық стандарттарға сайлығы;

- түрлі инфрақұрылым объектілерін салу.

4. Статистиканы жетілдіру. Елімізде статистика туралы толық ақпарат алуға болмайды, көбіне кәсіпорындар өздері туралы ақпарат бермейді, сондықтан нақты ақпаратты алу өте қиын, ол ЖІӨ есептеу, жалпы туризмнің үлесін есептеу сияқты нақты есептілікте өз қателігін береді.

5. Туризмде өнімдер мен білім беруді жылжыту. Қазақстанда туристік өнім бар, өзіндік туристік жәрмеңкесі бар. «KITF» - жәрмеңкесінде, түрлі презентациялар, жеке жобалар, сыйлықтар ұтысы, конкурстар, шоу, семинарлар, клубтық іс-шаралар жүргізіледі. Ол біз үшін үлкен жәрмеңке, себебі осы жәрмеңке мен «Sport Expo» көрмесі жыл сайын өткізіліп, қазақстандық ұлттық өнімді жарнамалайтын алаң ретінде қабылданып отыр.

Сол сияқты еліміз Халықаралық туристік жәрмеңке FITUR (Мадрид қ.), Халықаралық туристік биржа IBW (Берлин қ.), Халықаралық мәскеу көрмесі MITT, Халықаралық сапарлар жәрмеңкесі JATA (Токио қ.), Халықаралық туристік көрме VITE (Пекин қ.) қатысады.

Туристік индустрия жұмысын жетілдіру үшін барлық стандарттар мен ережелерді сақтау керек. Жалпы білім беру ұйымдарындағы білім тек теориялық тұрғыда шектеу табады, барлық қазақстандық нарықта әкімшілік жұмысын біліктілігі жоқ адамдар атқарады, осыдан этика мен басқа адаммен қарым – қатынас жоқ, басқа тілдерді меңгермеу, қызмет көрсету сапасының төмендігі шығады. Елімізде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру 2011 жылдан бастап жүргізіледі, негізгі бес бағытты қамтиды:

- Индустриаландыру картасы жобаларын қамтамасыз ету үшін еңбекпен қамту органдарының тапсырысы бойынша жобаларды іске асыратын мамандарды дайындау;
- техникалық мамандар бойынша бар ваканцияларды толтыру үшін қайта даярлауды жүргізу;
- шетелдік жұмыс күшін қазақстандық кадрлармен ауыстыру;
- «Жастар практика» іс-шарасын жүргізу;
- арнаулы әлеуметтік жұмыс орындарын құру бойынша іс-шаралар.

Берілген бағдарлама бизнес-инициативаларды, дірыс кәсіпкерлік қызметті, шикізаттық емес экспортқа бағытталған өндірістерге, соның ішінде туризмге бағытталған. Қазір гидтар, гид-аудармашыларды дайындау курстары жүргізіледі.

Жыл сайын гранттар саны артуда.

6. Туристік бизнес саласын нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру. Жібек Жолы бойындағы елдерде заңдардың болуы мен олардың қамтылуы үлкен мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке меншікті қорғайды және еркін кәсіпкерлікті қолдайды. Негізгі инвестициялық заң «Инвестициялар туралы Заң» (2003 жылы 8 қаңтарда бекітілген). Заң шет елдік және отандық инвесторларға құқықтық сақтауға кепілдік береді, инвесторларға өз кірістерін өздеріне қолдануға мүмкіндік береді, егер ұлттық келеңсіздік немесе ақша өзгерістері болған кезде толық капиталды қайтаруға мүмкіндік береді. Заң инвестицияның төмен құнын анықтамайды, сол сияқты басым бағыттарда шағын және орта кәсіпкерлердің инвестиция құю сұрақтары қарастырылады.

Сұрақтар туындағанда оны келіссөздер арқылы шешеді. Жібек жолында туристік кәсіпкерлікті тиімді дамыту үшін туристік заңнама келесілерге бағытталуы керек:

- туристік заңның мәртебесін арттыру;
- туристік индустрия жіктелім жүйесін бекіту;
- туристік ресурстарды басқаруды жетілдіру;
- туристік сервисті ұсынуды жетілдіру;
- туристік индустрия ресурстар жүйесін құру.

Осы мәселелерді шешуде шет елдік тәжірибені ескеру керек, онда туристік бизнес бизнес басым бағыттарының бірі болып табылады (кесте 2).

Кесте 2 - Шет елдерде туристік заңнаманы дамытудың негізгі бағыттары

Елдер	Туризм саласындағы заңнамалық құжаттар
Франция	туризм саласына қатысты және барлық заңдар мен нормативтік актілер жүйеленген
Жапония	Туристік индустрияны жылжыту бойынша Заң, Туристік операторлық қызмет туралы Заң
Швейцария	Берн аймағындағы туризмді дамыту бойынша Заң, ынтымақтастық туралы Заң
Оңтүстік Корея	Туризмді дамыту қоры туралы Заң, туризмді қолдау бойынша Заң, Туристік қызмет туралы Заң, Халықаралық конференцияларды дамыту туралы Заңы
Қазақстан	Туризм туралы Заң, Қазақстан Республикасында туристік қызмет туралы Заңы, Лицензиялау туралы туристік заңнама, туроператорлар мен турагенттердің жауапкершілігі туралы азаматтық-құқықтық жауапкершілік және міндетті сақтандыру туралы Заң, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы Заң
Ақпарат көзі: [4] мәліметінен алынды	

Туристік заңнаманы жетілдірудің басым бағыттары нормативтік актілерді әзірлеуді қажет етеді, Қазақстан Республикасында туристік заңнаманы жетілдіру бойынша келесі мәселелерді шешу керек:


- туризм саласында заңсыз кәсіпкерлік қызмет үшін құқықтық жауапкершілікті күшейту;
- туристік қызмет нарығының субъектілеріне арналған заңнаманы унификация жүргізу;
- қауіпсіздік облысы қызметінде тұлғалар мен ұйымдардың құқықтық жауапкершілігін арттыру.

7. *Халықаралық ынтымақтастықты дамытуды жетілдіру.* Қазақстанда туризм саласын дамыту бойынша 26 халықаралық ынтымақтастық елдермен келісімдер бар: Жапония, Греция, Франция, Катар, Сауд Аравиясы, Словения, Польша, Словения және т.б.

2002 жылдан жылдан «Жібек Жолы Меруертi» арнаулы поездің жобасы: Алматы – Тараз – Шымкент – Самарқанд – Ургенч – Бішкек – Рыбачье - Алматы маршруты жүзеге асырылуда. Болашақта екінші кезең Тегеран- үшінші кезең Пекин арқылы Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданы.

Оңтүстік Қазақстанның ынтымақтастық жүргізуі осы аймақтың шекаралық тиімділігі, осы аймақта ерекше табиғи, мәдени және тарихи объектілердің көп болуы, сол сияқты, емдік туризм, экотуризм, танымдық, белсенді, су, велотуризм сияқты түрлерін дамытуға мүмкіндік береді, сол сияқты аймақта ЮНЕСКО мен қорғалатын бірегей объектілердің болуы ынтымақтастық жүргізуге, транзиттік жолдардың дамуына әкеліп соғады.

Туризм саласы бойынша халықаралық ынтымақтастық бойынша келесідей іс-шаралар атқаруды ұсынуға болады (сурет 2).





Сурет 2. Ұлы Жібек жолы бойында туристік кәсіпкерлік қызметті дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру бойынша ұсыныстар
Ескерту: [4] мәліметі негізінде автормен жасалды

Жібек Жолы үлкен әлеуетке ие және туризм бағыты бойынша ерекше бағыт ретінде дамуына мүмкіндік береді, туристік ресурстардың бес ел арқылы шекаралық және аудандық инвестициялық мүмкіндік береді. Жібек Жолын ең үлкен туристік әлеуеті ретінде мәдени және тарихи көрікті жерлер мен экотуризмді дамыту болып табылады. Қазақстанның туристік әлеуеті барлық туризм түрлерін дамыту үшін: мәдени, шытырман, танымдық, спорттық, экологиялық, сол сияқты арнаулы турларға қызығушылық туғызу (ғылыми, діни, орнитологиялық және т.б.). мүмкіндігі бар. Қазақстан туристік бизнесті дамыту болашағы бар. Дамуды жоспарлау, реттеу, координациялау және бақылау сияқты нақты жобаланған жүйе арқылы дамытуға үлкен мән беріледі. Жібек Жолында туристік кәсіпкерлік қызметті дамытудың мемлекеттік реттеу жолдары ұсынылды.

Қазақстан туризмінде халықаралық ынтымақтастық ЮНЕСКО және БҰҰ ұлы Жібек жолы бойынша жобаларды іске асыруға бағытталған болғандықтан, бүгінгі таңда туристік бизнесті дамытуымыз және қолдауымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сураганова С.К. Основные направления повышения эффективности развития инфраструктуры туризма. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: oemmndcblldboiebfnladdacbfmadadm/http://repository.enu.kz/bitstream/handle/
2. Европейское соглашение о международных автомагистралях (СМА) [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: oemmndcblldboiebfnladdacbfmadadm/http://daccess-dds-nu.un.org/doc/
3. Шелковый путь. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: www.unescap.org/TTDW/common/tis/ah/status-atl/ep
4. KITF жылдық есебі [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.kitf.kz/ru/vystavka>